

Экімшілік әділет турали.  
Экімшілік органдардың ұғымы.  
Атқарушы билік органдары  
екімшілік субъектісі ретінде:  
құзыреттілік, аражігін ажырату  
проблемалары

- «Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет.
- Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.
- Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді.
- Сондықтан осындаи теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет.
- Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы.
- Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады.
- Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдемал тұстар азаматтардың мұдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.»

*Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауынан*

## Әкімшілік әділеттің моделі

француздық

германдық

ангlosаксондық

# Әкімшілік әділет

жариялы-құқықтық дауларды қарайтын  
мамандандырылған сот органдарының  
жүйесі де, сот ісін жүргізу түрі немесе  
әкімшілік актілерге шағымдану тәртібі де,  
атқарушы билік органдарының қызметін  
мамандандырылған қадағалау да болып  
табылады.

# ӘРПК қағидаттары

Зандылық  
қағидаты

Құқықтарды,  
бостандықтар мен  
занды мүдделерді  
корғау

Әділдік қағидаты

Әкімшілік қалауды  
жүзеге асыру шектері

Құқықтар  
басымдығының  
қағидаты

Анықтық  
презумпциясы

Сот актілерінің  
міндеттілігі

# ӘРПК қағидаттары- новеллалар

Сенім құқығын  
корғау


Формальды  
талараптарды теріс  
пайдалануға  
тыйым салу

Мөлшерлестік  
қағидаты

Әкімшілік сот  
ісін жүргізудің  
ақылға қонымды  
мерзімі

Соттың белсененді  
рөлі

## ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК- ПРОЦЕСТИК КОДЕКСІ



### Жалпы бөлім:

Негізгі ұғымдар  
Міндеттер, мақсаттар мен  
қағидаттар

### Әкімшілік рәсімдер

Ішкі әкімшілік рәсімдер  
(мемлекеттік органдардың ішкі ведомстволық қызметтің үйімдастыру)  
Сыртқы әкімшілік рәсімдер (жария өкілеттіктерін іске асыруға байланысты билік орган мен жеке тұлғаның арасында туындайтын қатынастар)

### Әкімшілік сот ісін жүргізу

Жария-құқықтық даулар бойынша сот ісін жүргізу

# Әкімшілік орган

Мемлекеттік орган

Жергілікті өзін-өзі  
басқару органы

Қазақстан Республикасының  
зандарына сәйкес әкімшілік актіні  
қабылдау жөнінде өкілеттіктер  
берілген өзге үйым

# Әкімшілік орган

## Мемлекеттік органдар

Мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлғалар

ОМО, олардың ведомстволары, аумақтық бөлімшелері (үкімет, министрліктер, комитеттер, аумақтық департаменттер)

## Мемлекеттік емес субъектілер

Заңнамаларда жария функциялары берілген ұйымдар

ҰКП, ЖСОРП, Нотариаттық палата, Адвокаттар алқасы, міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдар және жария-құқықтық салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін іске асыратын субъектілер

# ӘРПК негізгі ұғымдарын білу керек

- Әкімшілік орган
- Әкімшілік акт
- Әкімшілік рәсімдер
- Әкімшілік іс

- Әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жекедара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;
- әкімшілік орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге үйым;
- әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет;
- әкімшілік іс – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру барысы мен нәтижелерін және (немесе) сотта жария-құқықтық даудың қаралуын тіrkеп-бекітетін материалдар

# Атқаруышы билік

## Атқаруышы билік субъектілері

- жалпы құзыреттегі атқаруышы-өкімдік органдар
- арнайы құзіретті атқаруышы-өкімдік органдар

Үкімет,  
әкімдіктер,  
әкімдер

министрліктер,  
агенттіктер,  
ведомстволар,  
әкімдіктердің  
бөлімдері мен  
басқармалары

# Қазақстан Республикасы

## Үкіметінің құрамы

- Премьер – Министр
- Премьер – Министрінің орынбасарлары
- Министрліктердің басшылары

# Қазақстан Республикасы

## Үкіметтің құрылымы

- Үкімет
- Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар
- Әкімдіктер, жергілікті атқарушы органдар

## **ЭРПК 41-бабы. Мемлекеттік органның құзыretі, өкілеттіктері, функциялары мен міндеттері**

Мемлекеттік орган қызметінің нысанасын айқындайтын оның белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы мемлекеттік органның құзыretі деп түсініледі.

Мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері мемлекеттік органның **өкілеттіктері** деп түсініледі.

Мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары мемлекеттік органның **міндеттері** деп түсініледі.

Мемлекеттік органның өз құзыretі шегінде қызметті жүзеге асыруы мемлекеттік органның **функциялары** деп түсініледі.

Мемлекеттік органның құзыretі, өкілеттіктері, функциялары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, өзіне қатысты жоғары тұрған орталық мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.